

Нравственное развитие личности происходит в течение всей жизни человека под влиянием контактов с окружающими его людьми и проявляется в его оценках и отношении к действительности, обществу, взаимоотношениях с другими людьми, в его действиях и поступках. Нравственный облик человека, включающий как его внутренний мир, т.е. понимание им того, как и почему следует поступать так, а не иначе, так и внешнюю сторону его проявления, выражающуюся в суждениях, поступках и поведении, формируется в течение всей жизни.

#### Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 27.01.2012 г.// Интернет ресурс [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"
3. Закон Республики Казахстан «Об образовании»//Интернет ресурс [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
4. Бейсенбаева А.А. «Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей» - Алматы, 1996.
5. Тәжібаева С.Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу құралы. Алматы, 2007.
6. ПангеловБ.П., Организация и проведение туристско-краеведческих путешествий, 2004.
7. <http://newstravel.kz/news/turistskaya-ekspediciya-moya-rodinakazakhstan>
8. «Положение туристской экспедиции (туристского похода) «Моя Родина Казахстан» <http://dppzhambyl.gov.kz/about/info/news/703/>

### ЫБЫРАЙ ЕҢБЕКТЕРІ-ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Альмухамбетов Б.Б.  
Ерденева Ж.Ж.  
Касымов Р.Ж.  
Бөрлі орта мектебі

#### Аннотация

*«Ыбырай еңбектері-тәрбиенің алтын діңгегі» ғылыми жобасында авторлар жас жеткіншектердің дамуына керекті рухани азықты, әділетсіз қоғамды нақты мысалдар арқылы суреттеп, сөз қозағаған.*

#### Аннотация

*«Работы Ыбырая – являются золотым сундуком образования». В своем исследовательском проекте авторы иллюстрируют духовную пищу, необходимую для развития детей младшего возраста на конкретном примере несправедливого общества.*

#### Abstract

*"The Ybyray's works are a golden chest of education". The authors illustrate the spiritual nourishment necessary for the young children development and an unjust society on specific examples in their research work.*

**Түйінді сөздер:** *Ыбырай А – ағартушы ақын, «Талаптың пайдасы» - I Петр балаға берген көмегі, Сейт – «Ауырудан аяған күштiрек» деген әңгімедегі кейiпкер, «Мейiрiмдi бала» 13 жасар қыздың әңгімесіндегі кейiпкер.*

**Ключевые слова:** *Ыбырай А. – великий поэт, «Преимущество», помощь Петра I мальчику, «Чувство жалости больше боли» - персонаж Сейт, «Добрый мальчик» персонаж в рассказе 13 летней девочке.*

**Keywords:** *Ybyrayi A. - is a great poet, "Advantage", Peter's help to the boy, "Arydan ayagan kyshtirek" - character Saite, "Meiryndu bala" character in the story to a 13 year old girl.*

Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезім мен өз еліне деген сүйіспеншілігін, адамгершілік сезімдерін дамытуға тиіспіз», - деп атап көрсеткен.

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт – бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімідері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны айқын. Есімі мен еңбегі баршаға қымбатты, халқымыздың ұлы кемеңгер ақыны Ыбырай Алтынсарин. Аталған ұлы есімді өзінің халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істерімен бір – біріне жалғастырып тұрған сахараның және бір данышпан перзенті бар, ол – тұңғыш ағартушы, педагог – жазушы Ыбырай Алтынсарин.

Біз бүгінгі шағын жұмысымызда ұлы тұлға – Ы.Алтынсарин атамыздың еңбектеріндегі бала тәрбиесі жөнінде, осы аралықта қаншама заман өтсе де еш құндылығын жоғалтпаған, керісінше жас ұрпақтың дамуына керек рухани қажеттіліктерге толы шығармаларына талдау жасап, біз сіздерге ұсынбақпыз. [3,11]

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейту үшін Ыбырай еңбектерінің мәні зор. Ыбырай шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы, Жазушы «Атымтай жомарт»-әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен анық көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімнен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен», - дейді. [21,30] Алтынсаринның тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі - талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар»-деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ - жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап-жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады. Міне, Ыбырай «Талаптың пайдасы»- деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Әңгіменің мазмұны мынадай: «Даңқты І Петр шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын», - дейді. Петр суретті көрсе, маз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салуға үйрететін орынға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады». Жазушының бұл арадағы көздегені - Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қол жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу. [101,120]

Ыбырай әңгімелерінің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан» дегендей, оған жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен

барып, мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады. [3]

Махаббат, мейірімділік туралы, әсіресе, «Мейірбанды бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген үш әңгімесін алуға болады.

Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй-ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті ту қып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді. Олардың кейбіреулері өсе келе тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мешандық көзқарасты аттап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін қол созады.

«Мейірімді бала»-әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» - деп сұрайды. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгілі, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», - деді.

Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы - Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ың етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы - осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз.

Тәрбие мәселесін сөз қылғанда, ерекше тоқтап өтуге керекті мәселенің бірі - Ыбырай еңбектерінде түрлі елдердің мәдениет майданындағы өзара достық қарым-қатынастарды да бейнелеп отырады. Ыбырай балаларға шетелдің жақсы адамдарын үлгі етуі - оның жалпы адам баласының достық идеясын аңсағандығын көрсетеді.

Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Әңгіме –оқиғаны баяндауға негізделген қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Әңгімеде бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың нысанасы әңгімедегі тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі [81,105].

Ы.Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын

көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин - «Аудиокітап» - Алматы 2011
2. Қазақ әдебиеті Оразбаева ФШ Алматы: Жазушы, 2007.
3. Жалын – Мұхтар Шаханов 2012 №1
4. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар №8 2010
5. Қазақтар – Алматы 1998 Арын Р
6. Қазақ әдебиет энциклопедиялық анықтамалық – «Аруна» Алматы, 2005

### МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО УРОВНЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ И ДУХОВНОГО САМОСОЗНАНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ В РАМКАХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ.

Амиржанова Галия Батырбековна  
учитель-логопед  
Джаканова Айнаш Мусабаевна  
замдиректора по учебной части  
учитель технологии  
г. Костанай

#### Аннотация

*Оқушыларда өзінің кіші Отанына, туған өлкесіне, оның тарихи айтулы тұлғалырына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Балаларда Қостанай облысының этностық- мәдени және тарихи ескерткіштерін сақтауы бойынша жұмысына қатыстыру, бала тұлғасының адамгершілік -отаншылдық қасиеттерін тәрбиелеу, моральды және этикалық қалыптарды игеруі, өз халқының мәдени дәстүрлеріне араластыру.*

#### Аннотация

*Воспитание у учащихся любви к своей «малой» Родине, родному краю, её исторически прославленным людям. Вовлечение детей в работу по сохранению этнокультурных и исторических памятников Костанайской области, воспитание нравственно-патриотических качеств личности ребёнка, освоение моральных и этических норм, приобщение к культурным традициям своего народа.*

#### Abstract

*Children's education to love their motherland, to love their native land and it's famous and historical personalities. Drawing the children in a work to preserve historical and cultural monuments of Kostanai region, education and development child's patriotic and moral qualities. Drawing the child in the traditions and customs of it's people.*

**Түйінді сөздер:** адамгершілік –отаншылдық тәрбие, өлкетану, аймақтық компонент, тарихи айтулы тұлғалар: Кейкі батыр, Қобланды батыр, тархан Шақшақ Жәнібек; дүниеге көзқарасын жаңарту.

**Ключевые слова:** нравственно-патриотическое воспитание, краеведение, региональный компонент; исторически прославленные личности: Кейки батыр, Кобланды батыр, тархан Шақшақ Жәнібек; модернизация мировоззрения.

**Keywords:** morally patriotic education, native land study, region component; famous historical people: Keiki batyr, Koblandy batyr, tarhan Shakshak Zhanibek; worldview modernization.

В условиях модернизации мировоззрения и становления гражданско-правового государства необходимо осуществлять воспитание принципиально нового, демократического типа личности, способной к инновациям, защите своих прав и свобод. В формирование такой гражданской личности основной вклад должна внести совре-